

Қ А У Л Ы

2017 жылғы 05.12

Үшарал қаласы

№ 336

**Алакөл ауданының коммуналдық меншігіндегі шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына біріктіру жолымен Алакөл ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл Су Құбыры» және «Үйгентас» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындарын қайта ұйымдастыру туралы**

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 45 бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылдың 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабына және 37 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңының 18 бабының 7 тармағына сәйкес, Алакөл ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алакөл ауданының әкімдігі «Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнына (одан әрі –кәсіпорын) біріктіру жолымен Алакөл ауданы әкімдігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Алакөл Су Құбыры» және «Үйгентас» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорындары қайта ұйымдастырылсын.

2.«Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы болып бекітілсін.

3.«Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) кәсіпорынның жарғысына өзгерістер енгізілсін;
  - 2) әділет органында кәсіпорынның мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін;
  - 3) өткізу актісін бекітсін;
  - 4) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.
4. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалтырамын.

Аудан әкімінің м.а.



А.Чалкенов